

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Қособа ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 4 "Қособа ауылының жеке секторының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 12 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарабалық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2022 жылғы 6 қыркүйекте № 01-20/302 ұсынысы негізінде Қособа ауылдық округінің әкімі ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылының жеке секторының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруы бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қособа ауылдық округі әкімінің "Қособа ауылының жеке секторының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2022 жылғы 3 мамырдағы № 4 шешімі күші жойылды деп танылсын.

3. "Қособа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің этанондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз атымда қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қособа ауылдық округінің әкімі*

*Е. Бисекеев*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Қарабалық  
аудандық аумақтық инспекциясы" ММ  
басшысы

\_\_\_\_\_ М. Балмагамбетова

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің  
ветеринария басқармасы" ММ  
Қарабалық ауданы бойынша  
мемлекеттік ветеринариялық дәрігері

\_\_\_\_\_ Ж. Джаксыбаева

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы әкімдігі ветеринария  
басқармасының "Қарабалық ауданының  
Ветеринариялық станциясы" КМК  
директорының м. а.

\_\_\_\_\_ К. Султанов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Санитариялық - эпидемиологиялық  
бақылау комитеті Қостанай облысының  
санитариялық – эпидемиологиялық  
бақылау департаменті Қарабалық  
аудандық санитариялық-  
эпидемиологиялық бақылау  
басқармасы" РММ басшысы

\_\_\_\_\_ С. Каратаев